

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2023 жылғы 26 желтоқсан – 2024 жылғы 3 қаңтар
Респонденттердің саны: 10

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, NAC Analytica, АКРА, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық Даму Банкі, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттердің болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт)	2024	2025	2026
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	82,2	80,0 (80,7)	80,0 (80,0)	80,0
ЖІӨ %, ж/ж	4,9*	4,5 (4,5)	5,0 (5,0)	4,2
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	9,8	7,5 (8,0)	6,9 (7,0)	5,8
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	13,5 (12,0)	10,0 (10,0)	9,0
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	66,5*	86,5 (86,5)	83,6 (90,7)	85,4
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	53,5*	69,1 (66,8)	67,7 (61,1)	69,0
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	456,3	475,7 (477,8)	490,0 (490,7)	500
Бейтарап базалық мөлшерлеме** Жылдық %	8,0 (8,0)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі*** %, ж/ж	4,0 (4,0)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2024-2025 жж. арналған мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Респонденттердің медианалық күтулері бойынша Brent маркалы мұнайдың бағасы бүкіл болжамды кезеңде орта есеппен баррель үшін **80** АҚШ доллары деңгейінде қалыптасатын болады.

ЖІӨ. 2024 және 2025 жж. арналған Қазақстан экономикасы өсуінің болжамдары тиісінше **4,5%** және **5%** деңгейінде сақталды. 2026 жылға арналған болжам **4,2%**-ды құрайды.

ТБИ. Сарапшылардың инфляция болжамдары 2024 жылға 8%-дан **7,5%**-ға дейін және 2025 жылға 7%-дан **6,9%**-ға дейін біраз төмендеп, қайта қаралды.

* ЖІӨ - ҚР СЖЖРА ҰСБ 2023ж. қаңтар-қыркүйек бойынша есепті деректері, экспорт/импорт - ҚРҰБ 2023ж. 9 айы бойынша есепті деректері

** Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

*** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

2026 жылдың соңына қарай респонденттер инфляцияның **5,8%**-ға дейін төмендеуін болжайды.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. 2024 жылы сарапшылар базалық мөлшерлемені жоғарырақ деңгейде болжайды – күтулер 12%-дан **13,5%**-ға дейін көтерілді. 2025 жылға арналған күтулер **10%** деңгейінде сақталды. 2026 жылы респонденттер базалық мөлшерлеменің айтарлықтай төмендеуін күтпейді – медианалық болжам **9%**-ды құрайды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. 2024 жылға арналған тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша респонденттердің болжамдары **86,5** млрд АҚШ долл. деңгейінде сақталды. 2025 жылға болжам 90,7-ден **83,6** млрд АҚШ долл. дейін төмендеді. 2026 жылы тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі **85,4** млрд АҚШ долл. деңгейінде күтілуде.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша 2024 жылға болжамдары 66,8-ден **69,1** млрд АҚШ долларына дейін, 2025 жылға – 61,1-ден **67,7** млрд АҚШ долл. дейін өсу жағына қарай қайта қаралды. 2026 жылға медианалық болжам **69** млрд АҚШ долл. құрайды.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың 2024 және 2025 жылдарға арналған USD/KZT бағамы бойынша күтулері айтарлықтай өзгермеді – орташа жылдық есеппен бір АҚШ доллары үшін тиісінше **475,7** және **490** теңге (бұған дейін – бір АҚШ доллары үшін 477,8 және 490,7 теңге). 2026 жылы респонденттер USD/KZT бағамын бір АҚШ доллары үшін **500** теңге деңгейінде күтеді.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме сол қалыпты **8%** деңгейінде бағалануда.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынының бағалауы **4%** деңгейінде сақталуда.

Көптеген макрокөрсеткіштердің **болжамдық ауқымдары** айтарлықтай кең, ал олардың динамикасы көпбағытты болып қалуда. Бұл сарапшылардың қысқа және орта мерзімді болашақтағы ішкі және әлемдік экономика дамуына қатысты белгісіздігін көрсетеді.